	оқиғаны өз сөзімен айтып беруге үйрету. Көргенін немесе ойын қысқа әрі түсінікті жеткізуге баулу. Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. **Әдіс-тәсілдер** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, диалог, қайталау, үлгі көрсету арқылы оқыту. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау. **Тапсырмалар** Бірлескен ойын туралы әңгімелеу арқылы өз тәжірибесін	Тыныс бірқалыпты реттеу жаттығулары.	ажыратып, олардың атауын дұрыс айтуға үйрету. Ырғақты тыңдап, дәл қайталауға жаттықтыру. **Ойын:** «Не өзгерді?» – әртүрлі аспап дыбыстары тыңдатылады, балалар қай аспаптың дыбысы өзгергенін анықтайды.		үшін «Кім жылдам?», «Допты қағып ал», «Қояндар мен қасқыр», «Түстерді тап», «Кедергіден өт» сияқты ойындарды ұйымдастыру. **Қарапайым қозғалыс ойындары** «Жүгір де тоқта», «Қуып жет», «Орныңды тап», «Қимылды қайтала» ойындары арқылы қарапайым қозғалыс дағдыларын бекіту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану, жеңіл массаж элементтері арқылы денсаулықты нығайту. **Тыныс алу жаттығулары** Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең

	бөлісу. **Ойын: «Әңгімелесейік»** Ойын барысында балалар жұпқа бөлінеді. Әр бала өз жұбына белгілі бір тақырып бойынша (ойын, достық, сүйікті ісі) әңгіме айтып береді.				тыныс алу, «шамды үрлеу» сияқты жаттығулар арқылы тыныс алу жүйесін дамыту.
	Дәйек сөз: *«Досы көпті жау алмайды»* **«Достар әлемі»** **Ойын әрекеті:** Балалар «Досыңды таны» ойынын ойнайды. Әр бала өз досының атын атап, «бұл менің досым – ...» деп таныстырады.	**«Бірге ойнаймыз»** **Ойын әрекеті:** Балалар «Бірге орындаймыз» топтық ойынын ойнайды. Тәрбиеші ортаға құрылыс бөлшектерін қояды. Балалар шағын топтарға бөлініп, «үй», «жол», «алаң» сияқты қарапайым нысандарды бірігіп құрастырады. Ойын барысында	**«Досыма көмектесемін»** **Ойын әрекеті:** Рөлдік ойын ұйымдастырылады: «Көмекші дос». Бір бала «қиындыққа тап болады» (ойыншықты ала алмайды), екінші бала көмектеседі. Балалар кезекпен рөл ауыстырады. Ойын барысында «көмектестім»,		**«Достық мерекесі»** **Ойын әрекеті:** Балалар «Біз біргеміз» ойынын ойнайды. Бір тапсырманы бәрі бірге орындайды (құрастыру, жинау, орналастыру). Ойын соңында «біз бірге жасадық» деген қорытынды жасалады. **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Балалар байланыстырып

	Кейін жұптасып, бір тапсырманы бірге орындайды. Бірлескен әрекет арқылы келісу, күту, тыңдау дағдылары қалыптасады. **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығу жүргізіледі (п-б, т-д). Балалар «дос – достар», «бала – балалар» сөздерін жекеше-көпше түрде қолданады. Кеңістікті білдіретін сөздермен тіркестер құрайды: «доп үстінде», «доп	балалар бір-бірімен келіседі, кезек күтеді, «маған берші», «бірге жасайық» деген сөздерді қолданады. Тәрбиеші балалардың қарым-қатынасын бақылап, қажет жерде бағыт береді. **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Балалар сөйлеу қарқынын өзгертіп жаттығады (баяу және жылдам айту). Жаңылтпаштың жеңіл түрі үйретіледі. Көмекші сөздермен сөйлем құрастырады: «доп қораптың ішінде», «қуыршақ үстелде тұр», «досым жанымда отыр». Зат есімдерді көпше түрде қолданады: «ойыншықтар», «балалар». Сұрақтарға толық жауап беру дағдысы дамытылады. **Көркем әдебиет:**	«бердім», «алдым» сөздері қолданылады. **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Балалар толық сөйлемдер құрайды: «мен досыма көмектестім», «досым менің жанымда». Көмекші сөздерді қолданады: үстінде, астында, жанында, артында. Дыбыстарды дұрыс айтуға артикуляциялық жаттығулар жүргізіледі. **Көркем әдебиет:** Балалар таныс ертегінің мазмұнын өз сөздерімен қысқаша айтып береді. Кейіпкерлердің әрекетін сипаттайды. **Қазақ тілі:** Балалар өз әсерлерін айтады, сұрақтарға жауап береді. Жаңылтпаш айту арқылы дыбыстарды дұрыс айту бекітіледі.		сөйлеуге үйренеді. Өз ойын толық жеткізеді: «біз бірге ойнадық», «біз достармыз». Жекеше-көпше формаларды дұрыс қолданады. **Көркем әдебиет:** Ертегі толық сахналанады. Балалар кейіпкер рөлін сенімді орындайды. **Қазақ тілі:** Балалар әңгімелеседі, өз ойларын, әсерлерін еркін жеткізеді. Тақпақтарды өздігінен айтады. **Математика негіздері:** Тәулік бөліктері бекітіледі: таңертең-кешке, күндіз-түн. Оң-сол бағыттарын тәжірибе арқылы анықтайды.

	астында». Қысқа сөйлемдерді байланыстырып айтуға үйренеді. **Көркем әдебиет:** Қарапайым ертегі тыңдалып, кейіпкерлерді бөліп алып, шағын сахналау ұйымдастырылады. Балалар кейіпкердің көңіл-күйін дауыс ырғағымен жеткізеді. **Қазақ тілі:** Балалар бір-бірімен еркін сөйлеседі, сұрақтарға жауап береді. Ә, ө дыбыстары бар сөздер қайталанады. Санамақ жатталып, бірге айтылады.	Таныс ертегіден үзінді алынып, балалар рөлдерге бөлініп ойнайды. Балалар кейіпкердің дауысын, көңіл-күйін жеткізуге тырысады (қуану, ренжу, таңдану). Қарапайым репликаларды айтуға жаттығады. **Қазақ тілі:** Балалар өзара сөйлеседі, ортақ әрекет туралы келіседі. Ә, ө, ү дыбыстары бар сөздер қайталанады. Жуан және жіңішке сөздер ажыратылады. Қысқа тақпақ немесе санамақ жатталады. **Математика негіздері:** Балалар заттарды қосу және алу арқылы салыстырады. «Қайсысы көп?», «қайсысы аз?», «тең	**Математика негіздері:** Үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдары салыстырылады. Дөңгелек пішін зерттеледі (ұстау, көру арқылы).		

	Математика негіздері: Заттар салыстырылады: көп-аз, тең-тең емес. Ұзын-қысқа ұғымдары бекітіледі.	бе?» сұрақтарына жауап береді. Кең-тар ұғымдары тәжірибе арқылы түсіндіріледі (жол, аралық)			
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.				

	Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Құрастыру:** Балалар кірпіштерді дұрыс орналастырып, «достар үйін» құрастырады. Бірге жұмыс жасауға	**Құрастыру:** Балалар үлгі бойынша құрылыс жасайды. Кірпіштерді тік және көлденең орналастыру тәсілдерін қолданады.	**Құрастыру:** Балалар ойдан құрастырады, өз идеясын жүзеге асырады. **Сурет салу:** Көмек көрсету көрінісін бейнелейді. Сюжеттік композиция		**Құрастыру:** Балалар бірігіп үлкен құрылыс жасайды. Ұжымдық жұмыс дағдысы қалыптасады. **Сурет салу:** Еркін тақырыпта сурет салып, өз ойын білдіреді.

	үйренеді. **Сурет салу:** Балалар бірнеше кейіпкері бар қарапайым сюжеттік сурет салады. Түстерді дұрыс таңдауға бағыт беріледі. **Мүсіндеу:** Қарапайым әшекей (сақина, білезік) жасап, таяқшамен өрнектейді. **Жапсыру:** Геометриялық пішіндерден қарапайым өрнек құрастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Топтағы қауіпсіздік ережелері бекітіледі. Балаларға дұрыс қарым-	Ұсақ және ірі бөлшектерді дұрыс пайдаланады. **Сурет салу:** Балалар бірнеше заттан тұратын қарапайым сюжет салады (ойнап жүрген балалар, алаң). Негізгі түстер мен олардың реңктерін қолданады. Бейнені қағаз бетіне дұрыс орналастыруға үйренеді. **Мүсіндеу:** Балалар білезік немесе сақина пішінін жасап, таяқшамен өрнектейді. Жұмыстарын біріктіріп, шағын композиция жасайды. **Жапсыру:** Геометриялық пішіндерді пайдаланып, кілем немесе алаша өрнегін құрастырады. Желімді дұрыс	құрастырады. **Мүсіндеу:** Бірнеше бөліктен тұратын бұйым жасап, оларды біріктіреді. **Жапсыру:** Ою-өрнектерді бұрыштарына орналастырып, композиция жасайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: өсімдікті жұлмау, жануарларға тиіспеу, қоқыс тастамау.		**Мүсіндеу:** Ұжымдық композиция жасалады. **Жапсыру:** Ортақ өрнек құрастырылады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Ойын алаңындағы қауіпсіздік ережелері бекітіледі: отпен ойнамау, жолға шықпау, қауіпсіз әрекет ету.

	қатынас жасау үлгісі көрсетіледі.	қолдану дағдылары бекітіледі. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері талқыланады: жолға шықпау, құмды шашпау, затты ауызға салмау. Балалар ережелерді ойын арқылы көрсетеді.			
Балалармен жеке жұмыс	**Тіл дамыту:** «а, ә» дыбыстарын дұрыс айту (айнамен жұмыс)	**Математика негіздері:** 2 затты салыстыру (тең/тең емес)	**Шығармашылық:** Қ ызыл түспен сызықтар салу		**Тіл дамыту:** «е, о» дыбыстарын айту
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ойын:** «Қуыр-қуыр қуырмаш» **Шарты:** Балала р шеңберге	**Ойын:** «Допты ұста» **Шарты:** Тәрбиеші допты балаларға лақтырады, балалар	**Ойын:** «Жалаушаны тап» **Шарты:** Түрлі түсті жалаушалар		**Ойын:** «Қояндар мен түлкі» **Шарты:** Қояндар секіріп жүреді, «түлкі

	отырып, тәрбиеші қолдарын қимылдатып, саусақ ойынын көрсетеді. Балалар қайталайды.	ұстап қайтарады.	қойылады, тәрбиеші атаған түсті бала тауып әкеледі.		шықты» дегенде тығылады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 2026 жыл 2 апта

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Зейін» балабақшасы
Топ: «Талапкер» Ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Күн тәртібі		**Сейсенбі 12.05.2026 ж**	**Сәрсенбі 13.05.2026 ж**	**Бейсенбі 14.05.2026 ж**	**Жұма 15.05.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**				

	Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		**Коммуникативтік дағды** **Ойын:** «Сұрақ-жауап» **Шарты:** Тәрбиеші сұрақ қояды, бала толық жауап береді.	**Танымдық дағды** **Ойын:** «Ұзын-қысқа» **Шарты:** Заттарды ұзындығына қарай салыстырады.	**Қимыл дағдысы** **Ойын:** «Қояндар мен түлкі» **Шарты:** Қояндар секіреді, түлкіден қашады.	**Шығармашылық дағды** **Ойын:** «Мүсінде де көрсет» **Шарты:** Балалар ермексаздан әшекей жасайды.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері				

	Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** **«Дыбыстарды дұрыс айтамыз»** Қазақ тіліне тән қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға дағдыландыру. Балалардың дұрыс, анық сөйлеу қабілетін дамыту және дыбыстарды сөз ішінде дұрыс қолдануға үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Қ, ү, ұ дыбыстарын анық және дұрыс айтуға жаттықтыру. Дыбыстарды буында, сөзде	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жоғары-төмен көтеру, иықты айналдыру, алға-артқа және жанға еңкею, тізені бүгу-жазу, орнында секіру арқылы дене бұлшық еттерін жан-жақты дамыту. **Негізгі қимылдар** Жүрудің әртүрлі түрлері, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, допты лақтыру және қағып алу сияқты қимылдарды орындау арқылы қозғалыс дағдыларын қалыптастыру. **Сапқа тез тұру** Белгі бойынша бір қатарға, екі қатарға немесе шеңберге	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарма тыңдалып, балалар оны бірнеше иллюстрацияның ішінен сәйкес суретпен байланыстырады. Музыканың мазмұнын түсініп, салыстыру дағдылары дамытылады. Балалар өз таңдауларын түсіндіруге үйренеді. **Ән айту:** Балалар әнді бірге орындау кезінде ырғақтан шықпауға, бір уақытта бастау мен аяқтауды сақтауға жаттығады. Әнді сезіммен жеткізу, динамикасын (жай/қатты) сақтау жұмыстары жүргізіледі. **Музыкалық-**	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жоғары-төмен көтеру, иықты айналдыру, денені алға-артқа және жанға еңкейту, тізені бүгу-жазу, орнында секіру арқылы дене бұлшық еттерін дамыту. **Қимылдарды үйлестіру** Қол мен аяқ қимылдарын бірге үйлестіріп орындау, тепе-теңдікті сақтау, ырғақпен қозғалу, бағытты өзгертіп жүру арқылы қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. **Негізгі қимылдар** Жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын қалыптастыру. **Шеңберде еркін қозғалу**	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жоғары-төмен көтеру, иықты айналдыру, денені алға-артқа және жанға еңкейту, тізені бүгу-жазу, орнында секіру арқылы бұлшық еттерді дамыту. **Музыкамен жаттығулар** Музыка ырғағымен жүру, жеңіл жүгіру, қол мен аяқ қимылдарын әуенге сәйкес орындау, би элементтерін қосу арқылы қозғалыс белсенділігін арттыру. **Негізгі қимылдар** Жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, допты лақтыру және қағып алу арқылы негізгі қозғалыс

	және сөйлем ішінде дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстардың дұрыс айтылуын жетілдіру. **Сөздік қор** Жаңылтпаштарды жаттау арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Жаңа сөздерді анық айтып, дұрыс қолдануға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету. Заттардың атауларын жекеше және	жылдам жиналу, арақашықтықты сақтау, тәртіппен тұруға дағдыландыру. **Қимылды ойындар** Балалардың белсенділігін арттыру мақсатында «Кім жылдам?», «Қояндар мен қасқыр», «Допты қағып ал», «Кедергіден өт» сияқты қимылды ойындарды ұйымдастыру. **Ережелі ойындар** Ойын барысында берілген ережелерді сақтау, кезекпен ойнау, бір-біріне кедергі жасамау, «Қызыл-жасыл», «Тоқта-жүр» сияқты ойындар арқылы тәртіпке үйрету. **Сауықтыру-шынықтыру**	**ырғақтық қозғалыстар:** Музыканың өзгеруіне байланысты қимылды өзгерту (жылдам – жылдам қозғалу, баяу – жай қозғалу) дағдылары қалыптастырылады. Балалар таныс би қимылдарын ойын барысында қолданады. **Балалар аспаптарында ойнау:** Маракас және барабан арқылы әртүрлі ырғақты (жай, жылдам) орындау. Балалар бір-бірінен кейін немесе бірге ойнауды үйренеді. **Ойын:** «Дыбысты қайтала» – тәрбиеші соққан ырғақты балалар аспаппен қайталайды.	Шеңбер бойымен жүру, жүгіру, белгі бойынша бағытын өзгерту, бір-біріне кедергі келтірмей еркін қозғалу дағдыларын дамыту. **Қимылды ойындар** «Кім жылдам?», «Қояндар мен қасқыр», «Допты қағып ал», «Кедергіден өт» сияқты ойындар арқылы қимыл белсенділігін арттыру. **Өз бетінше ойнау элементтері** Балалардың өз қалауы бойынша ойын таңдау, қимылдарды еркін орындау, қарапайым ойындарды өздігінен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану арқылы денсаулықты	дағдыларын қалыптастыру. **Өз орнын нақты табу** Белгі бойынша өз орнын табу, шеңберде немесе сапта дұрыс орналасу, арақашықтықты сақтау дағдыларын дамыту. **Қимылды ойындар** «Кім жылдам?», «Қояндар мен қасқыр», «Допты қағып ал», «Кедергіден өт» сияқты ойындар арқылы қимыл белсенділігін арттыру. **Қайталау ойындары** Алдыңғы үйренген қимылдарды ойын арқылы қайталау, «Қимылды қайтала», «Жүгір де тоқта» сияқты ойындар арқылы дағдыларды бекіту. **Сауықтыру-шынықтыру**

	көпше түрде дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Сурет бойынша сөйлеу арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Көргенін сипаттап, қарапайым сөйлемдер құрастыруға үйрету. **Әдіс-тәсілдер** Қайталау, жаттықтыру, үлгі көрсету, сұрақ-жауап әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау. **Тапсырмалар** Жаңылтпаштар	**шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану, жеңіл дене жаттығулары арқылы балалардың денсаулығын нығайту. **Шынықтыру жаттығулары** Ауа, су, күн арқылы шынықтыру, таңертеңгілік жаттығулар орындау, денені сүртіну, жеңіл жүгіріс пен тыныс алу жаттығулары арқылы ағзаны шынықтыру.		нығайту. **Тыныс алу жаттығулары** Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, «шамды үрлеу» сияқты жаттығулар арқылы тыныс алу жүйесін дамыту.	**шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту. **Жалпы шынықтыруды бекіту** Жеңіл жаттығуларды қайталау, тыныс алу жаттығулары, баяу жүру арқылы ағзаны қалыпқа келтіру және шынықтыру нәтижесін бекіту.

	ды анық және дұрыс айту. Берілген сөздерді көпше түрге айналдыру. Сурет бойынша бірнеше сөйлем құрастырып айту. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар сол сөздерді анық әрі дұрыс қайталайды. Қ, ү, ұ дыбыстары бар сөздерге ерекше көңіл бөлінеді. Ойын барысында балалардың дұрыс айту дағдылары қалыптасады				
		Дәйек сөз: *«Батыр туса – ел ырысы»* **«Мен батылмын»**	**«Әкем – қорғаушым»** **Ойын әрекеті:** «Көмекші бол» рөлдік	**«Батыл достар»** **Ойын әрекеті:** Балалар «Кедергіден	**«Мен қорғай аламын»** **Ойын әрекеті:**

		Ойын әрекеті: Балалар «Батыл қадам» қимылды ойынын ойнайды. Тәрбиеші кедергілерден тұратын жол дайындайды (жолақтан жүру, доғаның астынан өту, текшелерден аттау). Балалар кезекпен өтіп, «мен өттім», «мен батылмын» деп айтады. Бір-бірін қолдап, күту, ретпен әрекет ету дағдылары қалыптасады. **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Артикуляциялық жаттығулар жүргізіледі. К-қ, т-д дыбыстарын дұрыс айтуға жаттығады. Балалар «доптың үстінен өттім», «кедергінің астынан өттім» деп көмекші сөздермен сөйлем	ойыны ұйымдастырылады. Балалар жұппен жұмыс істейді: біреуі «көмек сұрайды», екіншісі көмектеседі (зат беру, көтеру, жинау). Балалар әрекетті сөзбен сүйемелдейді: «мен көмектестім», «мен бердім». **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Балалар толық сөйлем құрайды: «әкем мені қорғайды», «мен досыма көмектестім». Көмекші сөздерді қолданады: «үстінде», «астында», «жанында». Жаңылтпаштың қарапайым түрі жатталады. Жекеше-көпше сөздер бекітіледі. **Көркем әдебиет:** Әке туралы өлең оқылады. Балалар оны эмоциямен қайталайды.	бірге өтеміз» ойынын ойнайды. Жұптасып немесе топпен тапсырманы орындайды. Бір-біріне көмектеседі. **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Балалар «біз бірге өттік», «мен секірдім», «досым көмектесті» деп байланыстырып сөйлем құрайды. Көмекші сөздерді дұрыс қолданады. Дыбыстарды анық айту жаттығулары жалғасады. **Көркем әдебиет:** Балалар қысқа әңгімені тыңдап, мазмұнын өз сөздерімен айтып береді. **Қазақ тілі:** Балалар өз әсерлерін айтады. Жаңылтпаштарды анық айтуға жаттығады. **Математика негіздері:** Биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдары салыстырылады. Дөңгелек пішін зерттеліп, аталады.	Балалар «Қорғаушы» рөлдік ойынын ойнайды. Бір-біріне көмектесіп, қорғау әрекеттерін орындайды. Топтық тапсырмалар беріледі (заттарды бірге жинау, қорғау). **Коммуникативтік дағды – тіл дамыту:** Балалар «мен қорғаймын», «мен батылмын», «біз бірге қорғаймыз» деп толық сөйлем құрайды. Сөйлеу қарқыны мен дыбыстарды дұрыс айту бекітіледі. **Көркем әдебиет:** Балалар ертегіні толық сахналайды. Рөлдерді бөліп, эмоциямен орындайды. **Қазақ тілі:** Балалар өз ойларын еркін жеткізеді. Тақпақтарды өздігінен айтады. **Математика негіздері:**

		құрайды. Сөйлеу қарқынын өзгертіп айту (баяу-жылдам) бекітіледі. **Көркем әдебиет:** Батыр бала туралы қысқа әңгіме тыңдалады. Балалар кейіпкердің іс-әрекетін сипаттайды және қарапайым сахналауға қатысады. **Қазақ тілі:** Қ, ү, ұ дыбыстары бар сөздер қайталанады. Балалар өз әрекетін әңгімелейді. Қысқа тақпақ және санамақ жатталады. **Математика негіздері:** Балалар кедергілер санын санайды. «Қайсысы көп?», «қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. Ұзын-қысқа жолдарды салыстырады.	Кейіпкердің көңіл-күйін жеткізуге үйренеді. **Қазақ тілі:** Балалар сұрақтарға толық жауап береді. Жуан және жіңішке сөздерді ажыратады. Қысқа тақпақ жаттайды. **Математика негіздері:** Заттарды салыстырады: үлкен-кіші, кең-тар. Салыстыру нәтижесін сөзбен айтады.		Оң-сол бағыттары тәжірибе арқылы бекітіледі. Тәулік бөліктері қайталанады.

2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотористикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористикалық дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**Құрастыру:** Балалар кедергілер жолын өздері құрастырады. Кірпіштерді тік және көлденең орналастырады. **Сурет салу:** Балалар «жол», «кедергі» бейнесін салып, бірнеше элементтен тұратын композиция жасайды. **Мүсіндеу:** Ұзынша пішіндер жасап, «жол» немесе	**Құрастыру:** Балалар «үй» немесе «қорған» құрастырады. Бөлшектерді дұрыс орналастыру дағдылары бекітіледі. **Сурет салу:** Отбасы тақырыбында қарапайым сюжет салады. Түстерді дұрыс қолдануға үйретіледі. **Мүсіндеу:** Әшекей бұйым жасап (сақина, білезік), таяқшамен өрнектейді.	**Құрастыру:** Балалар «кедергілер алаңын» өздері құрастырады. **Сурет салу:** Қимыл әрекетті бейнелейтін сурет салады. **Мүсіндеу:** Бірнеше бөліктен тұратын жұмыс жасап, оларды біріктіреді. **Жапсыру:** Пішіндерден композиция құрастырады. **Қоршаған әлеммен**	**Құрастыру:** Балалар бірігіп «қорған» немесе үлкен құрылыс жасайды. **Сурет салу:** Еркін тақырыпта сурет салып, өз ойын жеткізеді. **Мүсіндеу:** Ұжымдық жұмыс жасайды. **Жапсыру:** Ортақ композиция құрастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:**

		«таяқша» бейнесін жасайды, өрнектейді. **Жапсыру:** Жолақтарды ретімен жапсырып, жол құрастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Қимыл кезінде қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: итермеу, кезек күту, абай болу.	**Жапсыру:** Геометриялық пішіндер арқылы ою-өрнек құрастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** Үйдегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: розетканы ұстамау, терезеге шықпау.	**таныстыру:** Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері бекітіледі: жануарларға тиіспеу, өсімдікті сындырмау.	Ойын алаңындағы қауіпсіздік ережелері бекітіледі: отпен ойнамау, жолға шықпау, қауіпсіз әрекет ету.
Балалармен жеке жұмыс		**Сөздік қор:** «Тұсау кесу» – «жіп кесу», «қадам басу» сөздері	**Математика негіздері :** Ұзын-қысқа салыстыру	**Тіл дамыту:** «п-б» дыбыстарын ажырату	**Тіл дамыту:** жаңылтпаш жаттау (баяу айту)
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		«Жүгір де жет» **Шарты:** Балалар белгі бойынша жүгіріп, көрсетілген	«Кім жылдам?» **Шарты:** Балалар екі топқа бөлініп, белгіге дейін жүгіріп барып	«Түсті тап» **Шарты:** Тәрбиеші түсті айтады, балалар сол түсті затқа барып тұрады.	«Аю ұйықтап жатыр» **Шарты:** Бір бала – аю, қалғандары жақындап келеді. Аю оянғанда

		жерге бірінші жетуге тырысады.	қайтады.		бәрі қашады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 2026 жыл 3 апта

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Зейін» балабақшасы
Топ: «Талапкер» Ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 18.052026 ж**	**Сейсенбі 19.05.2026 ж**	**Сәрсенбі 20.05.2026 ж**	**Бейсенбі 21.05.2026 ж**	**Жұма 22.05.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)				

	Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Коммуникативтік дағды** **Ойын:** «Ертегіні жалғастыр» **Шарты:** Тәрбиеші бастап, бала жалғастырып айтады.	**анымдық дағды** **Ойын:** «Пішінді тап» **Шарты:** Дөңгелекті тауып көрсетеді.	**Қимыл дағдысы** **Ойын:** «Көпірден өт» **Шарты:** Еденге ұзын сызық (көпір) сызылады. Балалар кезекпен сол сызықтың бойымен құламай жүріп өтеді. Тәрбиеші «оңға бұрыл», «солға бұрыл» деген нұсқаулар береді.	**Коммуникативтік дағды** **Ойын:** «Дыбысты дұрыс айт» **Шарты:** Тәрбиеші айна арқылы дыбыстың айтылуын көрсетеді. Балалар «қоян, күн, өрік» сияқты сөздерді қайталайды. Кейін жаңылтпаш баяу айтылып, балалар қайталайды.	**Танымдық дағды** **Ойын:** «Салыстыр да айт» **Шарты:** Балаларға екі түрлі зат беріледі (таяқша, лента). Бала қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін айтып көрсетеді. Тәрбиеші «қайсысы артық?» деп сұрайды.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді				

	күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** **«Ертегіні айтып береміз»** Балаларды таныс ертегілердің мазмұнын өздігінен қайталап айтуға үйрету. Оқиғаны ретімен жеткізіп,	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жоғары-төмен көтеру, иықты айналдыру, денені алға-артқа және жанға еңкейту, тізені бүгу-жазу, орнында секіру арқылы дене бұлшық еттерін дамыту. **Шалқасынан жатып**	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Балаларға бір-біріне қарама-қарсы сипаттағы екі музыкалық шығарма тыңдатылады. Олар айырмашылығын иллюстрациялар арқылы салыстырады. Музыканың мазмұнын талқылап,	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жоғары-төмен көтеру, иықты айналдыру, денені алға-артқа және жанға еңкейту, тізені бүгу-жазу, орнында секіру арқылы бұлшық еттерді дамыту. **Жартылай отыру** Аяқты иық деңгейінде	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жоғары-төмен көтеру, иықты айналдыру, денені алға-артқа және жанға еңкейту, тізені бүгу-жазу, орнында секіру арқылы дене бұлшық еттерін дамыту. **Тізені ұстап еңкею**

	байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Қиялын, есте сақтау қабілетін және сөйлеу белсенділігін арттыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Дыбыстарды анық және дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді дұрыс дыбыстап, сөйлеу барысында анық жеткізуге үйрету. **Сөздік қор** Тақпақтар мен ертегі сөздерін қолдану арқылы сөздік қорын байыту. Кейіпкерлердің атаулары мен іс-әрекеттерін білдіретін	**бұрылу** Шалқасынан жатып оңға және солға бұрылу, денені толық айналдыру арқылы икемділікті және бұлшық еттердің жұмысын жетілдіру. **Қолды жан-жаққа созу** Қолды екі жаққа созып, жоғары көтеру және түсіру, иық буындарын дамытуға бағытталған жаттығуларды орындау. **Негізгі қимылдар** Жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын қалыптастыру. **Қайта сапқа тұру** Белгі бойынша тез сапқа қайта тұру, өз орнын табу, арақашықтықты сақтау арқылы тәртіпке	өз пікірін айтуға үйретіледі. **Ән айту:** Балалар әнді өз бетінше бастап көруге, бірақ топпен бірге аяқтауға жаттығады. Ән айту барысында дауыс күшін бақылау, анық дикция сақтау дағдылары жетілдіріледі. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** Балалар музыкаға сәйкес шағын би тізбегін (қимылдардың ретін) есте сақтап орындайды. Қимылдарды үйлестіру және кеңістікте бағдарлау қабілеті дамытылады. **Балалар аспаптарында ойнау:**	қойып, тізені жартылай бүгіп отыру және қайта тұру арқылы аяқ бұлшық еттерін нығайту. **Қолды алға созу** Қолды алға түзу созып, жоғары көтеру және қайта түсіру, иық пен қол бұлшық еттерін дамытуға бағытталған жаттығулар орындау. **Негізгі қимылдар** Жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, допты лақтыру және қағып алу арқылы негізгі қозғалыс дағдыларын қалыптастыру. **Шеңберде қозғалу** Шеңбер бойымен жүру және жүгіру, бағытты өзгерту, бір-біріне кедергі келтірмей еркін қозғалу дағдыларын дамыту. **Қимылды ойындар** «Кім жылдам?», «Қояндар мен қасқыр»,	Тізені қолмен ұстап, алға еңкею, бастапқы қалыпқа келу арқылы бел және аяқ бұлшық еттерінің икемділігін арттыру. **Аяқты көтеру** Аяқты кезекпен жоғары көтеру, алға және жанға созу арқылы аяқ бұлшық еттерін нығайту және тепе-теңдікті сақтау. **Негізгі қимылдар** Жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын қалыптастыру. **Саптағы орнын сақтау** Сапта өз орнын дұрыс сақтау, арақашықтықты бұзбау, белгі бойынша қозғалу арқылы тәртіпке дағдыландыру.

	сөздерді меңгерту. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Жуан және жіңішке сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстырып, қарапайым сөйлемдер құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Ертегіні ретімен әңгімелеуге үйрету. Оқиғаның басталуы, дамуы және аяқталуын сақтай отырып, өз сөзімен айтып беруге дағдыландыру. **Әдіс-тәсілдер** Әңгімелеу,	дағдыландыру. **Қимылды ойындар** «Кім жылдам?», «Қояндар мен қасқыр», «Допты қағып ал», «Кедергіден өт» сияқты ойындар арқылы қозғалыс белсенділігін арттыру. **Жылдамдық ойындары** «Кім тез?», «Жалаушаны әкел», «Қуып жет» сияқты ойындар арқылы жылдамдық пен ептілікті дамыту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл жаттығулар орындау арқылы денсаулықты нығайту. **Сумен шынықтыру элементтері** Қолды, бетті сумен	Металлофон және сыбызғы дыбыстарын тыңдап, ажырату. Қарапайым дыбыстық қатарды қайталау арқылы есту қабілетін дамыту. **Ойын:** «Қай аспап?» – дыбысты тыңдап, қандай аспап екенін және оның қалай ойналатынын айту.	«Допты қағып ал», «Кедергіден өт» ойындары арқылы қимыл белсенділігін арттыру. **Ережені сақтап ойнау** Ойын кезінде белгіленген ережелерді сақтау, кезекпен ойнау, тәртіпті бұзбау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану арқылы денсаулықты нығайту. **Тыныс алу жаттығулары** Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, «шамды үрлеу» жаттығулары арқылы тыныс алу жүйесін дамыту.	**Қимылды ойындар** «Кім жылдам?», «Қояндар мен қасқыр», «Допты қағып ал», «Кедергіден өт» ойындары арқылы қимыл белсенділігін арттыру. **Қимылды өзгертіп ойнау** Ойын барысында қимылдарды өзгертіп орындау, жылдамдықты, бағытты ауыстыру арқылы ептілік пен бейімделу қабілетін дамыту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану арқылы денсаулықты нығайту. **Жеңіл сергіту жаттығулары** Жай жүру, созылу

	бағыттау, сұрақ-жауап, үлгі көрсету әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау. **Тапсырмалар** Таныс ертегіні өз сөзімен айтып беру. Кейіпкерлерді атап, олардың әрекеттерін сипаттау. Қарапайым сұрақтарға жауап беру. **Ойын: «Ертегіні жалғастыр»** Балалар шеңберге отырып, ертегіні кезекпен жалғастырып айтады. Әр бала бір немесе екі сөйлем қосып,	жуу, дымқыл сүлгімен сүртіну, жылы және салқын суды кезектестіріп қолдану арқылы ағзаны шынықтыру.			жаттығулары, тыныс алу арқылы денені босаңсытып, ағзаны қалпына келтіру.

	оқиғаны әрі қарай дамытады. Ойын арқылы балалардың ойлау, қиялдау және сөйлеу қабілеттері дамиды.				
	Дәйек сөз: *«Жақсылық жасасаң – өзіңе қайтады»* Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту «Жақсы әрекет»** Балаларға жақсы және жаман әрекеттер бейнеленген суреттер ұсынылады. Балалар оларды салыстырып, жақсы әрекетті таңдап, себебін түсіндіреді. Мнемокесте	«Досыма көмектесемін» **Коммуникативтік дағды** **Тіл дамыту** «Көмектесу» Балаларға нақты өмірлік жағдаяттар ұсынылады: «досың құлап қалды», «зат түсіп кетті», «ойыншықты ала алмай тұр». Балалар сол жағдайдан шығу жолын айтып, өз әрекетін түсіндіреді. Мнемокесте арқылы сөйлем құрастыру жұмысы жүргізіледі: «мен – досыма – көмектестім», «досым – жанында – тұр».	«Жақсылық бөлісеміз» **Коммуникативтік дағды** **Тіл дамыту** «Бөлісу» Балаларға «бөлісу» ұғымы нақты әрекет арқылы түсіндіріледі: балалар ойыншықтарды бір-біріне ұсынып, «ал», «саған», «мен бердім» деп сөйлем құрайды. Mind map (ой картасы) арқылы «жақсылық» ұғымы кеңейтіледі: көмектесу, бөлісу, жылы сөз айту. Балалар әр тармаққа мысал келтіреді.	«Біз мейірімдіміз» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту «Мейірімділік» Балалар өз өмірінен мысал келтіріп, «мен қандай жақсылық жасадым?» тақырыбында әңгімелейді. Debate элементі енгізіледі: тәрбиеші екі әрекет ұсынады, балалар қайсысы дұрыс екенін дәлелдейді. Байланыстырып сөйлеу, толық сөйлем құрастыру дағдылары бекітіледі. (әдіс-тәсіл: әңгімелету, талдау; технология: сыни ойлау, дамыта оқыту) Көркем әдебиет	«Жақсылық мерекесі» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту «Қорытынды әңгіме» Балалар апта бойы жасаған жақсылықтары туралы әңгімелейді. Storytelling әдісі арқылы «Мен қандай жақсылық жасадым?» тақырыбында қысқа әңгіме құрайды. Тәрбиеші балалардың сөйлеуін бағыттап, толық сөйлем құрастыруға көмектеседі. (әдіс-тәсіл: әңгімелету, сұрақ-жауап; технология:

